

Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін ұсынғаны үшін республикалық бюджетке түсетін түсімдерді енгізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 1031 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.17. N 238 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін ұсынғаны үшін республикалық бюджетке түсетін түсімдерді енгізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 7 қазандағы

N 1031 қаулысымен

бекітілген

Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін ұсынғаны үшін республикалық бюджетке түсетін түсімдерді енгізу ережесі

1. Осы Ереже қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін ұсынғаны үшін республикалық бюджетке түсетін түсімдерді (бұдан әрі - түсімдер) енгізу тәртібін белгілейді.

2. Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін ұсыну құқығы (бұдан әрі - құқық) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен байланыс саласындағы уәкілетті орган берген рұқсат беру құжаттарымен куәландырылады.

3. Түсімдерді ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілерінде қалааралық және халықаралық телефон байланысын ұсыну құқығы үшін қалааралық және халықаралық байланыс операторлары болып табылатын (бұдан әрі - байланыс операторы) жеке және заңды тұлғалар енгізеді.

4. Байланыс саласындағы уәкілетті орган байланыс операторына рұқсат беру құжатын алған немесе оның қолданыстағы рұқсат беру құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізген сәттен бастап он күнтізбелік күн ішінде өздері белгілеген

нысан бойынша түсімдер сомасын, енгізу мерзімдерін көрсете отырып, хабарлама жазады және оны байланыс операторына, ал көшірмесін - оның орналасқан жері бойынша салық органдарына жібереді.

5. Түсімдер мөлшері байланыс саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін ұсынғаны үшін түсетін түсімдер мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

6. Түсімдер байланыс операторының орналасқан жері бойынша республикалық бюджетке Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың 201305 кодына ағымдағы жылдың 20 қарашасынан және 20 желтоқсанынан кешіктірмейтін м е р з і м д е е н г і з і л е д і .

7. Түсімдердің республикалық бюджетке уақтылы енгізілуін бақылауды байланыс саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.